

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Оның 60-тан астам қоғамдық-танымдық, жиырмаға жуық музыкалық ойын-сауық бағдарламасы бар (2003)[4].

Қазақ радиосындағы таңғы ойын-сауықтық бағдарлама «Қайырлы таң, қазақ елі», ақпараттық сараптамалық бағдарламалар қатарында Жаңалықтар мен «Астана-Мәскеу» радиокөпірі бар. Жоғарыда Шыңжаң радиосындағы денсаулыққа қатысты бағдарламамен мазмұндас бағдарлама Қазақ радиосында «Денсаулық» деп аталады.

«Қазақ радиосы» әлемнің түкпір-түкпірінде мекен ететін қазақ диаспорасының тыныс-тіршілігін баяндау, атамекенді аңсаған алыстағы ағайын атажұртқа ат басын бұрған қандастарымызды халыққа таныстыру мақсатында «Алыстағы ағайын» бағдарламасын шығарған. Ол әлеуметтік бағдарламалар редакциясының құрамына кіреді. Бағдарлама жетекшісі – Еділ Анықбай. Жүргізушісі – Жазира Амантайқызы. Эфирге аптасына бір рет әр жексенбі сағат 14,05-те шығады. Форматы – таспа[5].

Бұл бағдарламаның мақсатымен үндес, әрі осы міндетті атқарып отырған Шыңжаң радиосы – шетелдегі қазақтар туралы толық ақпарат беретін қызметін жан-жақты атқарып келе жатыр. бұл радионың хабарларының зерттеу өзектілігі – шетелдегі қандастарымыздың өмірін көрсетіп, олардың рухани қазынасынан хабар береді. Күн-көріс тіршілігі мен, жат жердегі қазағымыздың өмір тынысы, тіршілік көрінісі. Сондықтан да оны зерттеудің маңызы зор, әрі оған деген қажеттілік күннен күнге артып келе жатыр. сол себепті де жат елде жүрсе де, бойына қазақтың рухын сөндірмей, осындай радио шығарып, қазақы тәрбие беріп, ұрпағын жаттың жерінде қазақы қалпын сақтауға септігін тигізіп отырған радионың маңызы зор екеніне сенімдімін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. www.xjbs.com.cn.
2. http://www.qazaq-alemi.kz/kazakh_in_world?id=50
3. Түркістан газеті. // 28 - Қараша. – 2011
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005
5. <http://kazradio.kaztrk.kz/kz/programs/alystagy-agaiyn>

УДК 34.01:070

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ

Шурентаев Аманкелді Мейрамұлы

shurentaev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану
факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - А.О.Есдәулетов

Еліміз ұзақ тарихи жолдан өтіп бүгінге жетті. Тәуелсіз мемлекет құрылып, қазақ елі бүкіл әлемге таңылды! Құқықтық мемлекет орнатып жатқан Қазақстан үшін бұқаралық ақпарат құралы азаматтардың құқықтық сауатын ашуда таптырмас құралға айналып отыр. Тіпті, бүгінгі күні кез келген БАҚ өкілі тергеу органдарының қызметі, полиция мен прокуратура, судьялардың үкімі туралы күн сайын ақпарат таратады. Алайда, құқықтық сараптама жасауда осы салаға мамандандырылған журналистің жетіспеушілігі анық аңғарылады. Қазір кез келген қолына қалам алған заманауи журналист заңнамалық және құқықтық қызметтің қыр-сырына қанық болуы қажет. Өйткені, құқықтық журналистика оқиға орны мен сот отырыстарында журналистің нағыз маман ретінде жұмыс істеуіне үлкен мүмкіндік береді.

Ал оның ең басты тұғырнамасы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Сол Ата Заңның бірінші бабында: «Қазақстан республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - делінген [1].

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, өркениетті атанып отырған елдер осы демократияны негізгі бағыт-бағдарына алған. Демек, бізге де демократияны басты құндылық ретінде әрі оны шынайы өмірде орнықтыруға күш салуымыз - жаңаша дамудың кепілі екеніне сөз жоқ. Мұндай жағдайға еліміз Конституциясының да ұстанымы ерік береді. Әсіресе мына жайды айтсақ та мүмкіндіктің бар екенін анық аңғарамыз.

18-бапта: «Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» [2], - деп жазылған.

Бұл журналист материалының сенімді деректерге сүйену арқылы жазылуын қамтамасыз ететін фактор екенінде дау жоқ. Рас, БАҚ мәлімет, деректерге қайсыбір кездерде тап осы лауазым иелерінен керегін алуға қолдары жете бермейтіні жасырын емес. Ондайда әрнені сылтаулатып, оқиғаның себеп-салдарын немесе ішінара сыр бүгіп қалу да болып тұрады. Тіпті кемшілікті жасыру, оның бүгешігесін айтпау жайлары кездесетінін білу керек. Қай лауазым иесі жұмыстағы, қызметтегі олқылықтарын ашып берер дейсіз? Әрине, ашпайды. Сол үшін де Конституциядағы жоғарыда келтірілген бап көмекке келері айқын.

БАҚ өкілдері үшін аса қажетті болып табылатын 20-бапты сөз етпей болмайды. Неге десеніз, мұнда бұрынғы заңдарда жазыла бермеген жәйттер бар:

1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үйретуге жол берілмейді [3].

Иә, осынау бапта келтірілген мәселелердің қай-қайсысы болса да өзекті болып келеді. Шығармашылық еркіндігі бұқаралық ақпарат құралдарына ауадай қажет екені екібастан белгілі. Әсіресе, қазіргідей демократия заманында.

Қазір әлемде мазасыздық та барын қай ел болса да көріп-біліп отыр. Бұл жайында Президент Н.Назарбаев Алматыда өткен үшінші Еуразиялық медиа-форумда былай деген еді:

«Бірақ аймақтағы қауіп-қатер жағдайында ымырашылдықтың киын екенін де көре білу керек. Біз түгілі, көп ғасырлық демократиялық дәстүрлері бар мемлекеттер де халықтардың қауіпсіздігін сақтау үшін миграциялық бақылаудан қосымша әлеуетті құрылымдар жасауға дейін, оқу орындарында діни киімдер киюден банк жүйесіндегі қатаң бақылауға дейін, қару күшін қолданудан ақпараттық цензураға дейінгі шектеулер қоюға мәжбүр болып отыр. Осының бәрі, өкінішке қарай, өмір шындығы, ал бұлар ымырашылдық соқпағынан алыс жатыр» [4].

Елбасының осы сөзі Конституцияның аталмыш бабындағы «соғысты насихаттауға жол берілмейтінімен» үндесіп жатыр. Сайып келгенде, мұның өзі журналистердің және баспасөздің бұлжымас міндеті екенін айғақтайды.

Әлемдік статистикаға көз салсақ, жылына ондаған журналист от пен оқтың құрбаны болып жатады екен. Сол үшін де шетелдерде журналистердің құқығын қорғайтын ұйымдар белсенді. Ал бізде мұндай ұйымдар аз. Тілшілер құқықтық жағынан қорғалмаған. Шынын айтқанда біздегі заңдарда журналисті қорғаудан гөрі жауаптылыққа тарту жағы басым.

Қазақстандағы әртүрлі заңдар арқылы журналистерге шектеу қойылған. Мәселен, Моңғолияның заңдарында БАҚ-қа қатысты екі-ақ бап бар. Бірінші бапта сөз бостандығына кепілдік беріледі, ал екінші бапта цензураға тыйым салынады деп жазылған. Өте қарапайым. Моңғолияның ерікті мемлекет атануына осы заң баптары жеткілікті. Ал бізде заң да, бап та жетіп артылады. Бірақ, журналистке көмектеспейді. Көбінесе журналисті жазған мақаласы үшін соттап жатады, ал сол ақпаратты берген адам, ақпарат көзі жауапқа тартылмай қалып жатады. Мәселен, мемлекеттік құпияны ашқан тұлға заңға сәйкес жазаға тартылмайды, ал оны жариялаған журналист жауапқа тартылады. Журналистердің қауіпсіздігі, материалдық жағдайының көңіл көншітпейтінін сөз ете берсең Қазақстанда мысалдар артып жетіледі.

ҚР «БАҚ туралы» заңының 20-бабында: «Журналистің ақпаратты іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға, мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысандарындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдарының қабылдауында болуға, жабық шара өткізу туралы шешім қабылданғаннан басқа жағдайда өзін тіркеген орган өткізетін барлық шараларға қатысуға құқы бар», - деп жазылған [5]. Алайда бұл баптың соңғы кездері тынысы тарылып бара жатқан секілді. «Шектеу қойылған жағдайларды санамағанда мемлекеттік органдардағы барлық ақпарат ашық болуы керек» деген заң нормасының да журналистика аясында орындалуы қиын. Мәселен белгілі бір мемлекеттік ұйым, мекеме жамбастарына оң келмеген ақпаратты тілшілерге беруге құлық таныта бермейді. Ақпарат жарыққа шығып кетсе, оларды сотқа сүйреп әурелейді. Шенеуніктер ол ақпарат оның меншігі емес, қызметтік ақпарат екенін түсіне бермейді. Кейде мемлекеттік мекемелер тілшілер сұраған ақпаратты бермей бастық қарамағындағы маманға, ол басқа маманға жіберіп сандалтып жіберетіні бар. Халықаралық «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау қорының президенті Тамара Калееваның айтуы бойынша ақпарат бермегені үшін шенеуніктерді сотқа беретін тілшілер, басылымдар Қазақстанда көп емес. Біздегі журналистер өз құқықтарын біле тұра соттасуға, дауласуға бара бермейді дейді.

Міне, үстіміздегі жылдың 16 қарашасында Мемлекет басшысы бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам - Ұлт жоспарын іске асыруға және азаматтардың ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілдермен еркін алуға және таратуға деген конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды [6].

Негізгі мақсаты - азаматтардың заңмен тыйым салынбаған әдіспен кез келген ақпаратты еркін алу және тарату жөніндегі конституциялық құқығын іске асыру болып табылады. Құжатта азаматтардың сұрау салуы бойынша тиісті ақпаратты беретін ақпарат иеленуші субъектілер (соның ішінде бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар да бар) тізбесі мен ақпаратқа қол жеткізу тәсілдерін кеңейту, сонымен бірге, сұраған ақпаратты беру мерзімін 30 күннен 20 күнге дейін қысқарту көзделген.

Қабылданған заңға сәйкес, шектеуге болмайтын мәліметтер қатарына азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылғаны жайлы және террорлық актілер жасалғаны туралы деректер жаңадан енгізілген. Заң бойынша, 2016 жылдан бастап азаматтардың сұрауы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық және радиациялық ахуал жөнінде, тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы, азаматтардың өміріне қатер төндіретін төтенше жағдайлар мен апаттар және олардың салдары жайлы, сонымен қатар табиғи апаттар туралы ақпараттарды беру қолданысқа енгізілген.

Заңдар қабылданып жатыр. Алайда ол заңдардың алдағы уақытта қаншалықты деңгейде орындалатыны және журналистердің өз қызметі барысында қолданылу аясы ойлантатын. Өйткені, журналистердің олардың кәсіби қызметін реттейтін заңнамалық нормалар туралы білімі мәз емес екендігін тәжірибе жүзінде көруге болады. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бұқаралық ақпарат құралдары саласында қоғамдық қарым-қатынасты реттеу үшін арналған, ол Қазақстан Республикасы Ата Заңына сәйкес олардың бостандықтарының мемлекеттік кепілдіктерін орнықтырады. Осыған қоса, бұқаралық ақпарат құралдарының қызмет аясы тек «Бұқаралық ақпарат

құралдары туралы» заңымен ғана шектелмейді. Оған, сондай-ақ, «Авторлық құқық пен аралас құқық туралы», «Байланыс туралы», «Жарнама туралы», «Сайлау туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы» заңдары және басқалар кіреді. Міне, енді солардың қатарына «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» жаңа заңы қосылды. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары туралы қазақстандық заңнаманың халықаралық құқық нормалары мен талаптарына сәйкес болуы үшін қосымша БАҚ саласындағы халықаралық құқық нормаларын да білу қажет. Өзінің кәсіби қызметі барысында журналист ақпаратқа қол жеткізу мен оны таратуға байланысты сан алуан құқықтық қарым-қатынасқа түсуге мәжбүр болады. Өз құқығы мен міндеттерін білмеу, оларды пайдалана алмау журналистке кері әсерін тигізеді, журналистің өзіне де, ол қызмет істеп жүрген бұқаралық ақпарат құралына да көптеген қиыншылықтар туғызады. Міне, сондықтан да журналистерге жақсы құқықтық білім алу соншалықты маңызды болып есептеледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж., 30 тамыз;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж., 30 тамыз;
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж., 30 тамыз;
4. Н.Назарбаев Ғасырлар тоғысында. - Алматы, 1996 ж., 23 б.;
5. Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы. 1999 ж., 23 шілде;
6. <http://egemen.kz/2015/11/19/7234> Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы № 401-V ҚРЗ. 2016 ж., 16 қараша.

5.3 Политология

УДК 323.321.011/33=111

THE CURRENT STATE OF THE ECONOMIC SECURITY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Dospolova Saltanat Ontalapovna

salta_1992@mail.ru

Магистрант 1 курса факультета журналистики и политологии

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – И.Рыстина

Currently, the main purpose of economic development of many countries and regions is to improve the quality of life and health. Therefore, the process of socio-economic development includes three major components:

- increasing income, improved health of the population and increasing its level of education;
- creation of conditions conducive to the growth of self-esteem of people as a result of the formation of social, political, economic and institutional system, focused on respect for human dignity;
- Increase the degree of freedom of the people, including their economic freedom.

The Republic of Kazakhstan is rich in mineral deposits, vast agricultural lands, skilled personnel, significant industrial potential. Kazakhstan today has a functioning market economy.

The main source of economic growth is the mining. To date, the acute problem of our country is its role in the economic system. Also worth a serious problem - the development and expansion of its market economy. Since we have not developed own industry, therefore, it is necessary to further study the issue.